



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 3-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТАУЫ

XVI ғасырдағы Логиканың құлдырау кезеңі.
Мишель Монтень мен
Франциско Суарес



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 2. XVI ғасырдағы Логиканың құлдырау кезеңі. Мишель Монтень мен Франциско Суарес

Қайта өрлеу мен Реформация үдерістерінің бірлескен әрекеті XVI ғасырда философия салаларының басым көпшілігін әлсіретіп жіберді. Ал логиканы философияның ең қатаң тармағы болды десе, артық емес. Логиканы оқыту сол заманның университеттерінде бұрынғыша жалғасып жатты, алайда гуманист ғалымдар оның терминологиясын жабайы, ал түсінуге өте бір ыңғайсыз күрделі болуын шатасу деп санап, оны жалғастыруды қаламайтынын аңғартып жатты. Рабле «Пантагрюэль» атты еңбегінде бос кеңістікте белсенді келетін химера, яғни мифологиядан алынған бет-жүзі әдемі әйелге, денесі мен құйрық жағы жыланға ұқсайтын сұрықсыз бір құбыжық тұрлаусыз ойларды жұтып қоя ала ма екен?» деген сауал қоя отырып, логиктерді келемеж етеді. Ұзақ ғасырлар бойы стоиктер мен ортағасырлық логиктердің осы салада қол жеткізген жетістіктерінің басым көпшілігі төрт ғасыр ішінде жоқ болды. Оның орнына, кең тараған оқулықтарда Аристотель логикасының бастапқы нұсқасы оқытыла бастады.

Орта ғасырларда Аристотельдің логикасы жергілікті тілдерде жариялана бастады. 1551 жылы Томас Уилсонның VI Эдуардқа арналған «Пайымдау ережесі» атты еңбегі жарыққа шықты: онда мысалы, «сөйлем» деген сияқты ағылшын сөздері, алғаш рет қолданылды, олар қазір логиканың жалпы терминдері болып саналады. Басқа біреулер мұндай латинизмнен бас тартып, мықты ағылшын-саксон терминологиясын ойлап табуға бар күшін салды. Ральф Левер логиканы «Сиқыршылық» деп атаған дұрыс деп ойлады; өзінің оқулығында қарама-қайшылықты сөйлем екі бөлімнен: біреуі мақұлдаушы, екіншісі терістеуші сөйлемнен, осы сияқты, предикат пен етістіктен тұрады дегенді түсіндіру үшін ол: «Қарама-қайшылықты сөйлем екі тұжырымнан тұрады, біріншісі – мақұлдаушы, екіншісі – терістеуші, екеуінде де бастауыш, баяндауыш және етістік бар» деп жазады.

Ағылшын тіліне тән бұл логикалық мәтіндер азды-көпті өз ізін қалдырды. Ал Франциядағы жағдай басқаша болды: Пьер де ла Раме, кей әдебиетте ол Рамус деген есіммен аталады, логик ретінде сіңірген еңбегіне мүлде сәйкес келмейтін ғаламат даңққа жетті. «Магистр дәрежесін қорғағанда ол Аристотельдің үйреткенінің бәрі жалған деген тезисті жақтады» деген аңыз бар. Әрине, ол Аристотельге қарсы бағытталған қысқаша трактатты жариялауды жалғастырды және Ройал колледжінің профессоры лауазымына ие болғаннан кейін Аристотельді айыптаған жиырма кітап жазды. Оның француз, латын және ағылшын тілінде жарық көрген «Диалектикасы» оған дейінгі бүкіл логикалық мәтіндерді алмастыруы керек еді. Пьер де ла Раме «бұл еңбекте бірінші болып адамдардың табиғи ойлауын реттейтін заңдар баяндалды» деп тұжырымдады.

«Логика, – дейді ол, – пікірталасты қалай жақсы жүргізуге болатынын үйретеді. Ол екі бөлімнен тұрады: сөйлем және пікір». Олардың әрқайсысы осы кітапта қарастырылған. Сөйлемді талдағанда сіз қорғағыңыз келіп тұрған қорытындыны қолдау үшін ол тоғыз тұғырнама немесе тақырып ұсынады. Олар: себеп, салдар, субъект, қосымша, қарсы шығу, салыстыру, есім, бөлу және анықтау. Ол осы тақырыптардың әрқайсысын классикалық авторлардан көп сілтеме келтіре отырып көрсетті де, оның алғашқы қысқаша кітабының жартысына жуығы осылардан құралды. Мысалы, Раме қосымшаны онымен қабысатын субъект ретінде анықтап, оны «дененің немесе жанның адьюнктері деп аталатын ізгілік немесе зұлымдық» дейді; затқа, мәннен басқа, түрлі сипаттама беретіннің бәрін қосымша немесе адьюнк деп атайды.

Аристотельді жеккөргеніне қарамастан, ол тізбелеген дәлелдердің тақырыптарының басым көпшілігі Аристотель шығармаларының әр жерінен алынған және сол ретпен бөлінген. Ол енгізген жалғыз жаңалық – негізгі мақсаттарға, Құдайдың құдіреті мен адамның соттағы куәгерлігінің мысалдарына қатысты пікірталастар. Олар кітаптың соңында берілген.

Екінші кітап логиканың дәстүрлі пәніне жақынырақ. Түрлі тұжырымдарды жіктеуде және силлогизмдердің алуан формаларын талдауда Раме тағы да Аристотельге сүйенеді. Оның басты жаңалығы – ол есімдерден тұратын дәлелдемелерге Аристотельмен салыстырғанда әлдеқайда көбірек назар аударады.

Қазіргі заманғы логика тарихшыларының Раме кітабына қатысты логикаға сіңірген еңбегі немесе төлтумалығы аса жоғары бағаланбауы мүмкін, бірақ ол дүниеден өткен соң Аристотель ізбасарлары мен Рамені жақтаушыларының арасындағы пікірталас қызу жүрді. Тіпті жартылай рамешілдер топтары құрылып, олар ымыраға келуді ұсынды. Джон Мильтон «Жоғалған жұмақ» атты поэмасын аяқтағаннан кейін бес жылдан соң Раменің логикасына арналған кітабын шығарды. Раменің даңқы логиканы ұзақ уақытқа әлсіретті. Ортағасырлық логиктерді



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 2. XVI ғасырдағы Логиканың құлдырау кезеңі. Мишель Монтень мен Франциско Суарес

тамсандырған модальдылық және контрфактылық логикасын формалдауда ешқандай да алға жылжу болмады және олардың еңбектерінің басым бөлігі із-түссіз жоғалды.

Осы кезеңде кейбір ойшылдар діннен басқа салаларда скептицизмге ұрына бастады. Бұл ежелгі грек скептигі Секст Эмпириктің орта ғасырларда толығымен ұмыт болған еңбектері XVI ғасырдың ортасында қайта ашылғанда айтарлықтай күшейді. Секст Эмпириктің скептикалық дәлелдемелерін өзінің эссесінде француз ақсүйегі Мишель де Монтень кеңінен қолданды. Бұл эссе – әкесінің өтінішімен аударып шыққан, табиғи теология бойынша ғасырлық еңбекке өзі жазған түсіндірме еді. Ол француз прозасы үлгісінде жазылған еңбек – «Раймунд Сабунд апологиясы» скептицизм туралы классикалық шығармаға айналды.

«Апология» – ежелгі скептикалық дәлелдемелерді қайталап қою ғана емес, оның мазмұны әлдеқайда кең. Олармен таныстырмас бұрын, Монтень өз оқырманының бойында интеллектуалды мойындауды ояту үшін жалықпай еңбектенеді. Адамдар өздерін шығармашылықтың шыңындамыз деп есептеуге бейім; бірақ олар жер бетін өздерімен бірге мекендеп отырған басқа тіршілік иелерінен шынымен де артық па? «Мен мысығыммен ойнаған кезімде, – мүмкін, оның менімен бірге өткізетін уақыты менің онымен өткізетін уақытымнан көбірек шығар, кім білсін?» – дейді Монтень.

Түрлі жануарлар индивидуал сезімдерге ие, олардың сезу қабілеті біздікіне қарағанда күштірек; адамдар көп еңбектеніп барып қол жеткізетін мәліметті олар түйсік арқылы тезірек қабылдайды. Олардың қажеттіліктері мен эмоциялары дәл біздікі сияқты және адамдар мақтан тұтатын кейбір қасиеттер мен ерекшеліктерге, белгілі бір дәрежеде, олар да ие. Монтень адамдардың қатыгездігімен және сатқындығымен салыстыру үшін адал да кеңпейіл иттер мен мейірімді де жаны нәзік арыстандар туралы оқиғаларды көп әңгімелейді. Аңдардың тапқырлығы туралы оның мысалдарының басым көпшілігі грек және латын мәтіндерінен алынған. Мысал ретінде иістің ізімен жүгіре отырып, көшенің қиылысына жеткен және екі бағытты осылайша иіскеп сезудің көмегімен тауып, үшінші бағытты иіскеусіз-ақ анықтайтын аты аңызға айналған ит туралы әңгімесін айтуға болады. Монтень өзінің тәжірибесіне де сүйенеді, мәселен, ол соқырларды жетектеуші иттер туралы баяндайды. Оның жануарларға арналған аспаптарды қалай қолдануға болатыны туралы кейбір мысалдары ғылымды өркендетуді талқылауға арналған қазіргі заманғы мақалаларда да қолдануға болатындай. Жыл құстары мен балықтардың икемділігі Монтеньге ерекше әсер етті:

«Көктемде қайта оралған қарлығаштар үйіміздің барлық бұрышын зерттеп шығады: мың орынның біреуі ғана өмір сүру үшін ең қолайлы екенін олар ойланбай-ақ және мұқият қарап шықпай-ақ таңдай ма екен? Өздерінің тамаша да әсем ұяларын салғанда олар дөңгелек емес, төртбұрышты формаларды, тік емес, тұйық бұрыштарды таңдайды: қажетті жағдайлар мен тиімділіктерді білмесе, олар осылай жасай алар ма еді?», – деп жазады ол.

«Туна балығы геометрия мен арифметика бойынша адамдармен бәсекелесе алады, ал астрономиядан іс жүзінде тіпті олардан асып түседі. Олар әсем текше пішініне ұқсас жасақ құра топтанып жүзеді, ал күннің қысқы тоқырауы кезінде тұрған жерлерінде қалт етпестен тоқтап, көктемде күн мен түн теңелгенше қозғалмайды» деп бізді нандыруға тырысады Монтень.

Монтень жануарлардың шебер қимылдары олардың басынан өтетін ойлардың біздің басымызда болатын ойлармен бірдей екенін дәлелдейді деп есептейді. Қатып қалған өзеннің үстінен өтудің ең қауіпсіз жолын таңдау үшін түлкі құлағын тігіп, тың тыңдайды. «Әрине, сондықтан оның басында да біздің басымыздағыдай қабылдаудан бастап, қорытындымен аяқталатын белгілі бір пайым жүріп жатады деген себеп бар: дыбыс шығаратын нәрсе – қозғалады, қозғалатын нәрсе – әлі қатпаған, қатпаған нәрсе – сұйық, сұйық нәрсе – жол ашады» деген сияқты мысалдар оның кітабында жиі кездеседі.

Адам өзінің айрықша қабілетін ашып көрсете алатын екі сала – дін және философия болып табылады. Құмырсқалардың жерлеу салты мен пілдердің күнге мінәжат рәсімін сипаттай отырып, Монтень табынуға қабілетіміз тұрғысынан алғанда жалғыз еместігімізді дәлелдеуге батыл кіріседі. Қарама-қарсы доктриналардың әртүрлілігі мен діни рәсімдер өткізудің кісіні көбіне қалжыратып жіберер сипатын ескере келіп, ол «адамдар өздерінің діни сенімдері үшін мақтанбауына болады» деген тұжырым жасайды. Оның бұл байламы расында да нанымды шыққан. Философияға келсек, басқа ғұламалардың сынына төтеп бере алатындай жүйе құрған ойшылдың ешқашан болмағанын ол еш қиналмай мойындайды.



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 2. XVI ғасырдағы Логиканың құлдырау кезеңі. Мишель Монтень мен Франциско Суарес

Монтеньнің адам зердесінің шектеріне ерекше назар аударуы оның католик христиандығының ақиқаттығына айтарлықтай сенімдімін деп тұжырымдауына кедергі болмады. Керісінше, ол өзінің философия туралы скептицизмінде Әулие Павелдің коринфтіктерге арнаған алғашқы жолдауының ізімен жүретінін мәлімдеді. Бұл жолдауда: «Бұл дүниенің даналығын ақымақтыққа айналдырған Құдай емес пе? Хақ тағала дана ғып жаратқан дүниенің өзі Құдайды танымағандықтан, Құдай дінге сенушілерді құтқару үшін ақымақ уағыздардың көмегіне жүгінді» делінген болатын. Павелдің мәтіндері, сонымен қатар, Секстен үзінділер Монтень зерттеулеріне сәулесін шашып тұр, себебі «дәл нәрсенің бәрі – ештеңенің дәл анықталмайтыны».

Өз скептицизмін ортодоксиямен үйлестіру үшін Монтень «менің шабуылым – адам зердесінің ақиқатқа өз күшімен жетуге деген талпынысы» деп атап көрсетеді. Бірақ сенім – жетістік емес, ол – Құдайдың еркін сыйы. Монтень оны былай түсіндіреді:

Біз дінімізді әбден пайымдап, түсінгеніміздің арқасында қабылдаған жоқпыз, оған талап ету мен жоғарыдан берілген бұйрық арқылы жеттік. Біздің пікіріміздің әлсіздігі – күштен гөрі мықтырақ көмекші, соқырлығымыз – көзіміздің айқын көруінен артығырақ демеу. Біздің танымымыз білім арқылы емес, дәл осы надандық арқылы, құдіретті даналықпен бірге арта түседі.

Монтеньнің Аянды асқақтатуы және ақылды төмендетуі – фидеизм деп атала бастаған ағым – контрреформацияға тән емес еді. Адамның, яғни Адам ата мен Хауаның күнәсі оның зердесі мен еркін толығымен бұзды деп нандыруға тырысқан Лютерге жауап ретінде католик пікірсайысшылары «негізгі діни ақиқаттар адами қарапайым зерденің аясына кіреді және сенімнің өзі ақылдың қолдауы мен қамқорлығына мұқтаж» деп атап көрсетті.

Контрреформацияның осы оптимистік бағытының алдыңғы қатарында иезуиттер – Иисус қоғамының мүшелері тұрды. Бұл орденнің негізін бұрынғы сарбаз Игнатий Лойола салды және оны 1540 жылы III Павел Папа мақұлдады. Діни ордендер мүшелерінің бәрі қабылдаған кедейлік, пәктік және бойсұну анттарына қосымша ретінде иезуиттер Папаға сөзсіз бағыну антын қабылдайтын. Көп ұзамай оның мүшелері білім беру және миссионерлік жұмысы бойынша әлемнің көптеген елдерінде көзге түсті. Еуропада олар контрреформация ісі үшін азапқа төзуге дайын болып, одан өздерін бақытты сезінетін. Америка, Үндістан және Қытайда олар басқа да христиандық бағыттарға, католиктеріне немесе протестанттарына қарағанда, жергілікті халықтардың діндеріне көбірек ықылас танытты. Көп ұзамай олар университеттердегі философия мен теологияда францискандықтар мен доминикандықтар сияқты ежелгі діни ордендермен бәсекеге түсе бастады. Олар схоластиканың жаңа, өздері жетілген деп ойлаған нұсқасын ұсынды.

Ортағасырлық схоластар өз дәрістерінде Аристотель шығармалары және Петр Ломбардтың уағыздары сияқты канондық мәтіндерге сүйенсе, иезуиттер университеттерде түсіндірмелерді философия мен теологияның толыққанды курстарына ауыстырды. XVII ғасырдың басында бұл үлгіні доминикандықтар мен францискандықтар да қабылдады және бұл философия мен теология арасындағы айырмашылықтың бұрынғыдан айқынырақ болуына әкелді. Философияны оқулықтың өзіндік формасы етіп реформалау қозғалысының пионері – испандық иезуит Франциско Суарес. Оның «Метафизикалық пайымдаулар» схоластикалық метафизикаға алғашқы жүйелі көзқарас еді.

Гранадада 1548 жылы дүниеге келген Суарес Иисус Қоғамына 1564 жылы қосылды және өзінің бүкіл кәсіби өмірін университет профессоры болып өткізді, Испанияның алты университетінде және Римдегі иезуиттер колледжінде дәріс берді. Ол тақуа және білімді адам еді, сондай-ақ таза интеллектуалды дарыны тұрғысынан алғанда XVI ғасырдың ең үздік философы атағына таласа алатын. Алайда ол философия тарихынан өз қабілетіне сай орын алған жоқ. Мұның екі себебі бар. Біріншіден, оның жұмысының басым бөлігі – жаңа кеңістіктерді зерттеу емес, ортағасырлық тақырыптарды қайта түсіндіру және нақтылау еді. Екіншіден, ол жазушы ретінде соңына 28 том қалдырған жемісті қаламгер болғанымен, сонымен қатар, тым көпсөзді еді, сонысымен де адамды шаршатып жіберетін. Сөз жоқ, ол өзінен кейінгі философияға ықпал етті, бірақ көбіне өзінен гөрі жақсы оқылатын ізбасарларының еңбектерінде жиірек аталуының арқасында деуге болады.

Суарес шынында да көп ықпал еткен екі сала – метафизика мен саяси философия. Оған Әулие Акуинолық Томас кепілдеме берген, алайда метафизик ретінде ол Акуинолықтың емес,



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 2. XVI ғасырдағы Логиканың құлдырау кезеңі. Мишель Монтень мен Франциско Суарес

Ибн Сина мен Дунс Скоттың ізімен жүрді. Таңғаларлық бір нәрсе – томизм XVII, XVIII және XIX ғасырларда басынан өткерген нәрселердің көбі «Пұтқа табынушыларға қарсы суммаларға» емес, Суарестің метафизикасына жақынырақ болды. Суарестің саяси философияға қосқан үлесі – 1612 жылы жазылған «Заңдар туралы» еңбегі, бұл туынды танымал ойшылдардың көптеген идеяларына түрткі болғаны сөзсіз. Оны кезінде «зайырлы монархтар өз билігін Құдайдан тікелей алды» деген теорияға қарсы шығып, король I Джеймспен билеушілердің құдіретті құқығы туралы пікір таластыруы әбден танымал етті. Король Джеймс оның кітабын көпшіліктің көз алдында өртеп жіберді.

XVI ғасырда католиктер мен протестанттарды екіге бөлген философиялық айтыстар-тыстардың ең күрделісі – Трент кеңесі (аудармашыдан: оны Рим-католик шіркеуі Италияда 1543–1565 жылдары құрды, контрреформация мәселелерімен айналысады) лютеран детерминизмі мен кальвинистік предестинарианизмге, яғни Кальвиннің «адамда еркіндік жоқ, оның өмірі алдын ала анықталып қояды» деген іліміне қарсы жария еткен адамның еркіндігі туралы мәселе болды. Иезуиттер өздерін адам еркіндігін либертиандық тұрғыдан түсіндіру үшін күрескерге айналдырды. Суарес пен оның иезуиттік әріптесі Луис де Молина ерік еркіндігін іс-әрекеттің балама нұсқалары болуы тұрғысынан, яғни «немқұрайдылық еркіндігі» тұрғысынан анықтауды ұсынды. «Іс-әрекетке қажетті шарттардың бәрі болып тұрғанда әрекет жасай алатын және әрекет жасаудан өзін тоқтата алатын немесе оған қарама-қарсы нәрсені жасау мүмкіндігі бола тұра, бір іс-әрекетті жасайтын адам еркін деп аталады».

Мұндай анықтама адамдардың өзіндік таңдауын және жауапкершілікті басқаларға аударып тастауды түсінуін айтарлықтай ақтай алады. Алайда еркіндік туралы бұдан да шектеулірек тұжырымдармен салыстырғанда, католиктер де, протестанттар да сенетін көзқарасты – адамның іс-әрекеттерін Құдайдың алдын ала анықтап қойғаны туралы ілімді түсіндіру өте қиын болды. Өзінің атақты «Конкордиясында» ол адамның дүниедегі әр іс-әрекетінен Құдайдың жан-жақты хабардар екені тұрғысынан мәселенің күрделі шешімін ұсынды. Бұл данышпан тұжырым болса да, Молинаның шешімі протестанттардың арасында ғана емес, өзінің әріптес католиктерінің ортасында да аса беделді болмады.

Доминикандық дінбасылар, олардың ең атақтысы – томист Доминго Баньес еді, «иезуит дінбасылар адамның еркіндігін шектен тыс асқақтатып, құдіретті биліктен бас тартты» деп есептеді. Екі діни орденнің арасындағы пікірталастың шиеленіскені соншалық, 1605 жылы Папа VIII Климент қарастырылып отырған мәселені шешпестен, екі жақты да үндемеуге мәжбүрледі. Тағдырдың тәлкегімен, Лейденнің реформаланған лагерінде Арминий деген дінбасы Молинаның көзқарастарына ұқсас, тіпті одан да күрделірек тұжырымдар ұсынды. Дорт синоды 1619 жылы оларды кальвиндік ортодоксияға сыйымсыз деп жариялады.